**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Жиһаз**
**Жұмсақ жиһаздың жанғыштығын бағалау**
**1-бөлім**
**БЫҚСЫҒАН ТЕМЕКІНІҢ ТҰТАНУ КӨЗІ**

**Мебель**
**Оценка воспламеняемости мягкой мебели**
**Часть 1**
**ИСТОЧНИК ВОЗГОРАНИЯ ТЛЕЮЩАЯ СИГАРЕТА**

**ҚР СТ EN 1021-1-2015**

*(EN1021-1:2014 «Furniture. Assessment of the ignitability of upholstered furniture.Ignitionsourcesmoulderingcigarette», IDT)*

Осы ұлттық стандарт EN 1021-1:2014 еуропалық стандартын жүзеге асыруымен бірдей болып табылады және CEN рұқсат етуімен қабылданған, мына мекенжай бойынша: B - 1000 Брюссель, Марникс даңғ. 17

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**
**(Мемстандарт)**

**Астана**

gost.e-ecolog.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Жиһаз**

**Жұмсақ жиһаздың жанғыштығын бағалау**

**1-бөлім**

# БЫҚСЫҒАН ТЕМЕКІНІҢ ТҰТАНУ КӨЗІ

**ҚР СТ EN 1021-1-2015**

*(EN1021-1:2014 «Furniture. Assessment of the ignitability of upholstered furniture.Ignitionsourcesmoulderingcigarette», IDT)*

Осы ұлттық стандарт EN 1021-1:2014 еуропалық стандартын жүзеге асыруымен бірдей болып табылады және CEN рұқсат етуімен қабылданған, мына мекенжай бойынша: B - 1000 Брюссель, Марникс даңғ. 17

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)**

**Астана**

## Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы 24 қарашадағы №236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 1021-1:2014 «Furniture. Assessment of the ignitability of upholstered furniture. Ignition source smouldering cigarette» («Жиһаз. Жұмсақ жиһаздың жанғыштығын бағалау. 1-бөлім. Тұтану көзі. Бықсыған темекі») еуропалық стандартпен бірдей.

Еуропалық стандартты хатшылығы DIN (Неміс стандарттау институты) тиесілі CEN/TC 207 «Жиһаз» техникалық комитеті дайындады.

Ағылшын тілінен аударылды (en).

Осы стандарт дайындалған және сілтемелер берілген еуропалық стандарттың ресми даналары Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT)

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II және «Қазақстан Республикасында тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары жүзеге асырылды

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** **2020 жыл**
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** **5 жыл**

**6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

## Кіріспе

Осы стандарт әртүрлі тұтану көздерін пайдалану кезінде жұмсақ жиһаздың жанғыштығына бағытталған стандарттар серияларының бірі болып табылады. Осы стандартта пайдаланылған тұтану көзі – бұл бықсыған темекі.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

## Жиһаз
## Жұмсақ жиһаздың жанғыштығын бағалау

## 1-бөлім

## БЫҚСЫҒАН ТЕМЕКІНІҢ ТҰТАНУ КӨЗІ

**Енгізілген күні 2017-01-01**

### 1 Қолданылу саласы

Осы стандарт тұтану көзі ретінде шамалы жалынның әсерімен, жұмсақ жиһазда пайдаланылатын жабын мен тығыздағыштар сияқты материалдардың үйлесімінің жанғыштығын бағалауға арналған сынақ әдісін белгілейді.

Осы сынақ әдісі өзіне осы материалдарды біріктіретін жиһаздың белгілі бір дайын затының жанғыштығына емес, жұмсақ жиһазда пайдаланылатын материалдардың үйлесімінің жанғыштығын анықтауға арналған.

### 2 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

2.1 **Үдемелі бықсу** (progressive smouldering): Тұтану көзінен тәуелсіз жалынмен бірге жүретін, экзотермиялық өздігінен таралатын қышқылдану. Температураның көтерілуімен бірге жүріуі немесе бірге жүрмеуі мүмкін;

2.2 **Тұтану** (flaming): Жану көзінің әсерімен жалындық жанудың басталуы (пайда болуы, туындауы);

2.3 **Жанғыштығы** (flammability): Заттың немесе бұйымның сынау шарттарына сәйкес тұтану көзінің әсерімен жануға бейімділігі;

2.4 **Тұтанғыштық** (ignitability): Материал, бұйым жалынның пайда болуына немесе үдемелі бықсуына дейін тұтануы мүмкін дәреже.

2.5 **Тұтану көзі** (ignition source): Жанғыш материалдардың немесе өнімдердің тұтануы үшін пайдаланылатын энергия көзі;

2.6 **Қаптама** (outer cover): Қаптаудың сыртқы қабаты;

2.7 **Ішкі қаптама** (inner cover): Қаптама мен жиһаз толтырмасы арасында пайдаланылатын 2 мм аз немесе тең номинал қалыңдықтағы материал қабаты.

Ескертпе – Қалыңдығы 2 мм-ден көп болатын кез келген ішкі қаптама жиһаздың толтырмасы болып саналады.

2.8 **Толтырма** (filling): Қаптамаға және (егер бұл қолданылса) ішкі қаптамаға жасалған негізгі толтырма материалы. 2 мм көп номиналды қалыңдығы бар, кез келген ішкі қаптаманы қоса отырып, бірнеше әртүрлі материалдардан тұруы мүмкін.

## 3 Тұтанғыштық критерийлері

### 3.1 Жүйелі бықсу арқылы тұтану

Осы стандарттарының мақсатында мынадай тәртіп типтері тұтану немесе үдемелі бықсу болып табылады:

a) жалғастыру үшін қауіпсіз, жану процесін көбейтетін және сөндіру мен сынақты аяқтауды талап ететін кез келген сынақ жинағы;

b) сынау бойы толық жанғанға дейін кез келген сынақ жинағы;

c) үлгінің шеткі аймақтары бойынша, атап айтқанда жоғарғы және төменгі шектер, екі жағы бойынша және сынақ ұзақтығы уақытында барлық қалыңдығына бықситын, кез келген сынақ жинағы;

d) тұтану көзін қолданғаннан кейін бір сағаттан соң бықсу жалғасатын кез келген сынақ жинағы;

e) соңғы тексеруде (9.3 қараңыз) үдемелі бықсу белгілері болатын кез келген сынақ жиынтығы.

Ескертпе – Тұтану көзінің әсерімен тереңделуі мүмкін материалдар арасындағы айқын айырмашылық жиі болатындығын тәжірибе көрсетеді, бірақ бықсу таралатын және өрбитін (үдемелі жану) материалдарға бұдан әрі таралмайды (үдемелі жану емес).

### 3.2 Жалындап жану

Осы стандартта бықсу көзімен туындаған кез келген жалынның пайда болуымен саналады.

## 4 Принцип

Сынақ заты – тұтану көзі әсерінің салдарынан бықсуға түсетін толтырғыш материал. Сынақ принциптері қарапайым креслода болуы мүмкін отырғыш пен арқалықтың (немесе отырғыш пен шынтақ қоятын жер) қосылысының стилденген түрінде ұсынатын жұмсақ жиһаздың элементтерінен тұратын жинақ сынаққа түсетіндей жасалады. Сынақ жинағының тұтанғыштығы темекі сияқты тұтанудың бықсыған көзін қолдану арқылы анықтайды. Сынақ әдісі барлық құрама материалдың тұтанғыштығын өлшейді, яғни сынақ қондырғысының құрастырылымына сәйкес қаптама, ішкі қаптама, толтырма және т.б. Сынақ белгі береді, бірақ

дайын жиһаздың тұтану жайына кепілдік бермеуі мүмкін. Нәтижелер кез келген жеке құрауыштың жалпы жайына қолданылатындар ретінде көрсетілмеуге тиіс (А қосымшасын қараңыз).

Ескертпе – Жиһазды пайдалануда болғаннан алынған материалдан дайындалған зерттелетін үлгілер пайдаланар алдында осы материалдарға қатысты әртүрлі нәтиже беруі мүмкін.

## 5 Операторлардың денсаулығын және еңбегін қорғау

### 5.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта көрсетілген сынақ әдістері біршама қауіптілікті көрсетеді. Тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану қажет.

### 5.2 Сорып шығатын шкаф

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақ жанбайтын сорып шығатын шкафта жүргізілуге тиіс. Егер сорып шығатын шкаф болмаса, оны оператор түтіннен қорғалатындай құрастырылуға тиіс (6.2 қараңыз).

### 5.3 Өрт сөндіргіштер

Жанып жатқан үлгілерді сөндірудің қолжетімді құралдарын қарастыруға тиіс, себебі кейбір материалдар сынақ уақытында қатты тұтануы болуы мүмкін. жану саласына бағытталуы мүмкін қолмен бүріккішті және/немесе бекітілген су бүріккішін қолдануы мүмкін. Сондай-ақ өрт сөндіргіштер, өртке қарсы жамылғы және суы бар шелек сияқты басқа құралдар қолданылады.

Жекелеген жағдайларда, бықсуды сөндіру қиын, және суға толықтай батыру қажет.

## 6 Жабдық

### 6.1 Сынақ қондырғысы

Тиісті сынақ қондырғысы 1 және 2-суреттерде көрсетілген. Қондырғы бір біріне қатынасы бойынша тік бұрышпен орнатылуы мүмкін ілмектердің көмегімен бірге қосылған екі тікбұрышты жақтаулардан тұруға тиіс.

Жақтаулар (25 × 3) мм шартты өлшемдері бар типтік болат тік жолақтарынан дайындалуға тиіс және жақтаулардың жоғарғы жиегінен төмен 6±1 мм арақашықтықта болат торларды сенімді ұстауға тиіс (ұяшық өлшемі ұяшық саңылауы шамамен 15 мм$^2$ -ден 150 мм$^2$ дейін болатындай болуға тиіс).

Тік жақтаудың жоғарғы шеті мен көлденең жақтаудың алдыңғы шеті үлгі жинағы уақытында сынақ толтырмасының қозғалысын болдырмау үшін (450 × 65 × 3) мм болат ұштық тілімшесі бекітілуге тиіс (1 және 2-суретті қараңыз).

Арқалық үшін жақтаудың ішкі ені мен биіктігі (450 ±2) × (300 ±2) мм, ал арқалыққа арналған жақтау ені мен тереңдігі (450 ±2) × (150 ±2) мм болуға тиіс. Стандартты жиектеу секциялары пішінін және үлкен қаттылығын беру үшін болат торлардың маңайында пайдалануы мүмкін.

Жақтаудың бүйірлік жолақтары ілмектер үшін саңылау қарастырылуы және артқы тіректерді қалыптастыруы үшін әр жақтаудың төменгі бөлігі шегінен шығуға тиіс. Бекіту топсасы 10 мм диаметрлі болат шыбықтан шығуға, ал оның осі (22,5±5) мм-ге әр жақтау құрастырылымының артқы элементтерінен шығуға тиіс.

Жақтаулар артқы тіректерді қалыптастыратын элементтердің әр жұбы арқылы өтуге тиіс бұранданың немесе түйреуіштің көмегімен тік бұрышпен бекітілу мүмкіндігі болуға тиіс. Алдыңғы тіректер отырғыштар үшін жақтаулардың алдыңғы бұрыштық қосылыстары маңында дәнекерленуі мүмкін. тіректер биіктігі отырғыш және тірек бету үшін жақтау арасында 50 мм кем емес саңылау қалатындай болуға тиіс.

Сынау үшін қондырғы сорып шығатын шкаф ішінде орнатылуға тиіс (6.2 қараңыз) және сынақ ауаның өтпелі тогын алып тастайтын және оның жеткілікті санын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайда жүзеге асыруға тиіс, сондай-ақ құрылғыдан түтінді алып тастауға тиіс.




*Шартты белгіленулер*

a) сынақ қондырғысы

b) қаптамасы және толтырмасы бар сынақ қондырғысы

c) тік секция

x корпустың қосылыс жабыны бөлшегі

1 толтырма

2 корпус қақпағы

3 жабын

4 20 мм айқас

5 қысқыш

6 толтырманы тіреп тұратын болат ұяшықты өзгерту үшін корпуспен айқас бұралған жабын, және төменде көрсетілгендей қысқышпен бекіту

**1-сурет – Сынақ қондырғысы**

*Өлшемдері миллиметрмен берілген*




Ескертпелер
1 Рұқсат етілген ауытқу көрсету жағдайынан басқа, өлшемдері номинал болып табылады.
2 Барлық бөліктер (бөлшектер) болаттан дайындалған.

*Шартты белгіленулер*
1 корпус қақпағы 65 мм × 3 мм
2 шеткі секция
3 Өту-сору бету өлшемі 28 мм × 6 мм (см. 6.1)
4 құрастырылымның бойлық элементі 25 мм × 3 мм
5 М10 бұрандасы, сомын және тығырық
6 ⌀ 10 шомполсүмбі

**2-сурет – Сынақ қондырғысының бөлшектері**

### 6.2 Сынаққа арналған сорып шығатын шкаф

Сынаққа арналған сорып шығатын шкафты 20 $м^3$ артық көлемі бар орынжайға (сынақты орындау үшін оттегінің жеткілікті мөлшерін құрайтын), немесе ауаның өтпелі ағыны бар шағын сорып шығатын шкафты орналастырады. Қондырғыдан жақын маңда 0,2 м/сек кем ауа жылдамдығын қамтамасыз ететін қосу және бөлу жүйесі, сондай-ақ жану сипаттамаларын бұзбай-ақ оттегінің жеткілікті мөлшерін қамтамасыз етеді.

### 6.3 Уақыт бергіші

Уақыт бергіші 1 сек дейінгі дәлдікте кемінде 1 сағат уақытша интервалды өлшеуді жүргізуге тиіс.

### 6.4 Тұтану көзі: бықсыған темекі

Мына талаптарға сәйкес келетін сүзгісіз темекі қажет:

— ұзындық……(68 ± 2) мм;

— диаметр……(8 ± 0,5) мм;

— салмақ……..(0,85 ± 0,15) г.

Сынақ жүргізу кезінде, бықсу жылдамдығы (7,5 ± 2) мин/40 мм құрауға тиіс.

Темекі 7.2 сәйкес кондиционерленеді, тұтандыру ұшынан 10 мм және 50 мм арақашықтықта екі штрихтармен таңбаланады. Тұтандырғаннан кейін (9.2.1 қараңыз) темекі темекінің тұтанбаған ұшына 13 мм-ге артық емес өтетін сымға орнатылады және ауа ағыны бағытында көлденең ұсталады (ауа жылдамдығы 0,2 м/сек кем).

Бықсу жылдамдығы 20 темекі топтамасынан бір темекіге өлшенуге тиіс. Бықсу жылдамдығы біруақытта екі темекі үшін өлшенуге тиіс. Темекі арасындағы және әр темекі арасындағы, сондай-ақ кез келген көрші беттер арасындағы арақашықтық, мысалы, сорып шығатын шкаф қабырғасында немесе еденге кемінде 150 мм болуға тиіс.

Егер темекі 50 мм жеткенге дейін бықсығанын қойса, бықсу жылдамдығын өлшеуді қайталаған жөн.

## 7 Дайындау және кондиционерлеу

### 7.1 Дайындау

Тұтанғыштығын азайту үшін химиялық өңделген барлық қаптама мен ішкі қаптама, 7.2-ге сәйкес кондиционерлеу алдында, D қосымшасына сәйкес сіңдіру және кептіру процедурасына түсуге тиіс. Осы талап барлық басқа өңделген жабындарға қолданылатын кері жағы бар жабынды қоса отырып өңдеудің барлық әдістеріне қолданылады.

Химиялық өңдеу қаптама жабынға арналған жеке материал ретінде өңделген жағдайда, отқа төзімді болып табылатын (мысалы отқа төзімді каболкадан жасалған мата, ПВХ) материалдардан дайындалған жағдайда қолданылмайды.

Материал өңделгені немесе өңделмегендігі белгісіз жағдайда сіңдіру және кептіру процедурасын жүргізген жөн.

### 7.2 Кондиционерлеу

Сынақ материалы мынадай шарттардың бірінде, кемінде 24 сағат бойы кондиционерлеуге түсуге тиіс:

— температура: (23 ± 2)°С;

— салыстырмалы ылғалдық: (50 ± 5)%.

### 7.3 Атмосфералық шарттар

Сынақтар 10°С-тан 30°С дейін температура кезінде, 15% -дан 80% дейін салыстырмалы ылғалдығы бар интервалда жүргізілуге тиіс.

## 8 Сынақ жинағы

### 8.1 Жалпы ережелер

Сынақ жинағының материалы осы жинақта пайдалануы мүмкін қаптаманың, ішкі қаптаманың, толтырманың және басқа құрауыштардың типтік үлгілерінен тұруға тиіс.

### 8.2 Жабынға арналған материал

Әр сынау үшін қажетті қаптама өлшемі (2.6 қараңыз) құрауға тиіс:

$$800_{0}^{+10}\,мм * 650_{0}^{+10}\,мм$$

Сумен сіңдіру процедурасынан өткен кез келген жабын осы процедураны аяқтағаннан кейін осы өлшемдерге дейін жеткізілуге тиіс.

Шамалы өлшем бойлық бағытқа (машиналық бағытқа) параллель бөлінуге тиіс. Жабын алынған үлгілердің орналасуы сынаққа түсуі мүмкін саладан 50 мм шегінде болмайтын жағдайда материалдың ұсақ кесектерінен жасалуға тиіс.

Қаптама бір ұшынан екі жағы бойынша 325 мм кесінділері болуға тиіс. Кесінділер сынақ қондырғысын жинау кезінде мата астары жинақтың арткы жағынан төмен болатындай және базалық корпустың алдыңғы бөлігіне қысқыштан орналасуға тиіс. Осы кесінділердің өлшемі шамамен

(50 (негіз бойынша ені) × 100 (биіктігі) × 25) мм жоғарғысы бойынша ені құрауға тиіс.

Ішкі қаптама жағдайында пайдаланылады (2.7 қараңыз), жабын астында сынақ қондырғысына бейімдеу мақсатында қаптама сияқты сол өлшемге және сол қалыпқа сәйкес кесілуге тиіс.

Кейбір арнайы бұйымдар иілімді астардың ішкі қабатына бекітілген материалдан және т.б тұруы мүмкін, жоғарыда көрсетілген сынақ қажет кезінде материал жабын өлшеміне сәйкес кесілуге тиіс. Төменгі қабаттар толтырма бөлігі болып саналуға тиіс (8.3 қараңыз), ал ұалыңдығы берілген шектердің жалпы қалыңдығына сәйкестігі мақсатында азайтылған.

### 8.3 Жиһаздық толтырма

Әр сынақ үшін мынадай өлшемдері бар толтырманың екі бөлігі қажет:

a) бірінші бөлік (450 ± 5) мм × (300 ± 5) мм × (75 ± 2) мм қалыңдықта;

b) екінші бөлік (450 ± 5) мм × (150 ± 5) мм × (75 ± 2) мм қалыңдықта.

Толтырманың жалпы қалыңдығы жоғарғы қабат(тар) жалғаспауға тиіс жағдайлардан басқа жинау амортизациясын және жинау шеттерінің айналасын есепке ала отырып 75 мм болуға тиіс.

Егер толтырманың (2.8 қараңыз) және жабыннындардың) жалпы қалыңдығы 75 мм артық болса, онда оны толтырғыштың қалыңдығы 75 мм болатындай үлгінің төменгі бөлігіндегі қабатты алып тастау арқылы қажеттіге дейін жеткізу қажет.

Егер толтырғыш қалыңдығына 75 мм кем болса, онда оны материалдың қосымша қабаты үлгісінің төменгі бөлігі астына салу арқылы қажеттігі дейін жеткізу қажет.

Материал тығыздамасы ретінде сусымалы материалдарын пайдалануы мүмкін (қауырсын, көбікті полиуретанды ұнтақ және басқа ұқсас материалдар). Мұндай жағдайда, материалдар белгіленген тығыздықта 75 мм қалыңдықта тығыздама жасалатындай қабаттармен салынады. Қажеттілігіне қарай сусымалы материалды ұстау үшін синтетикалық торды не болмаса ауа өткізбейтін материалды пайдаланады.

Ауа өткізбейтін материалдарды пайдалану кезінде сусымалы төсем материалдарын қаптау материалының астында тікелей орналасқаны жөн.

Осы сынақ әдісі сынақ жүргізу процесінде ысырылуы, төгілуі немесе тұтану көзіне теріс әсері етуі мүмкін жеке толтырғыш материалдары үшін жарамсыз.

## 9 Сынақ процедурасы

### 9.1 Дайындау

9.1.1 Жалпы ережелер

Тұтану көзі кондиционерленетін атмосферадан сыналатын материалды алып тастаған сәттен 20 минут бойы қолданылуға тиіс (7.2 қараңыз). Егер кондициялық камера мен сынақ жүретін камера арасында біршама арақашықтықта болса, камералар арасында тасымалдау уақытында декомпенсациядан материалды қорғау қажет. Егер мүмкін болса, сынақ жинағы кондициялық камера ішінде дайындалуға тиіс.

9.1.2 Тазартылған сынақ қондырғысын ашыңыз (С қосымшасын қараңыз), және жіпке қаптаманы және ішкі қаптаманы, егер бар болса, қысқыш ысырмасына бекітіңіз.

9.1.3 Тығыздағыш үлгілерін қаптама мен ішкі қаптама астына, егер бар болса, оларды корпус ойығына орналастыра отырып, салыңыз.

9.1.4 Артқы қырға 20 мм-ге айқасуға жол бере отырып, әр бөлігі үшін кем дегенде 4 түйреуішті пайдалана отырып, корпустың жоғарғы және төменгі бөліктеріне матаны бекітіңіз. Түйреуіштер кем дегенде 60 мм ұзындықта болуға тиіс және сынақ қондырғысының тік бөлігінің жоғарғы жиегіндегі және көлденең бөлігіндегі алдыңғы жиегінде тең интервалда орналасқан (3-суретті қараңыз).

Ескертпе – Бұл іс-әрекет керу астында қаптаманы салады, және егер корпустар жиһаз үшін қаптауды жартылай сығу үшін бірге жиналса, өте қолайлы болуы мүмкін.

9.1.5 Қаптама және ішкі қаптама сенімді бекітілгендігіне және біркелкі керуде болатынына көз жеткізіңіз. Содан кейін бұрамалар немесе бүрме шегелердің көмегімен тік бұрышпен корпусты бұғаттаңыз. 20 мм айқасу кезінде қаптаманың, ішкі қаптаманың және бір біріне толтырманың толық жанасуын қамтамасыз ете отырып, жоғарғы және алдыңғы бөлігіне түйреуіштерді қайта орнатыңыз (9.1.4 қараңыз). Қаптаманы толтырма үстіне айқастыра орналастырыңыз, көлденең және 20 мм айқасқан бүйірлік қабырғаларға және көлденең корпустың екі жақтары бойынша кем дегенде 1 қаусырманы және тік корпустың екі жағы бойынша екі қаусырмаларды пайдалану арқылы бекітіңіз. Бұрыштардағы жабынға арналған артық материал кері жағына бүгілуге тиіс және бүйірлік жақтауларға бекітілуге тиіс (3-суретті қараңыз).



**1-кезең**: Сынақ қондырғының ашық қалпы және дайын толтырма кезінде корпустың жоғарғы және төменгі бөліктеріне бүрме шегелермен және қаусырмалармен жабын артын бекітіңіз.




**2-кезең:** Корпусты тік бұрыштарға бекітіңіз. Кері бетіне бұрыңыз және жабынға арналған материалды бүктеңіз.




**3-кезең:** Жабынды корпус беттеріне бекітіңіз. Корпус беттеріне бұрыштарды бұрыңыз.



**4-кезең:** Бұрыштарды корпус беттеріне бекітіңіз.

*Шартты белгіленулер*
1 бұру
2 жинау

**3-сурет – Сынақ қондырғысына материалдарды жинау**

### 9.2 Тұтану көзін қолдану

9.2.1 Кондиционерлеу камерасынан материалды шығару сәтінен 20 мин бойы екі темекіні тұтатыңыз және темекі ұшы анық болғанға дейін олар арқылы ауаны жинауды жүргізіңіз. Осы іс-әрекетке әр темекіден 5 мм кем емес және 8 мм артық емес жұмсалуға тиіс.

9.2.2 Сыналатын жинақтың бүйірлік жиегінен кем дегенде 50 мм арақашықтықта темекі болатындай сынақ қондырғысының тік және көлденең бөліктері арасындағы қосылыстар бойына әр бықсыған темекіні орналастырыңыз. Егер материалдың жергілікті бөліктері тұтану кедергісіне әсер сипаты болса, онда өте қолайсыз бөліктерге жүргізілуге тиіс.

9.2.3 Жану процесін қадағалаңыз және ішкі жағында және/немесе жабынның келесі бықсуы немесе тұтануы туралы кез келген мәліметтерді жазыңыз.

Ескертпе – Бықсуды айқындау қиынырақ болуы мүмкін және бұл процесс темекіден арақашықтықта болатын нүктелерден түтінді күтуді жеңілдетуге болады. Егер шығатын түтінге айнаның көмегімен қараса, түтін оңай қадағалайды.

9.2.4 Егер толтырма құрауыштарының келесі бықсуымен (3.1 a), b), c), немесе d) қараңыз) немесе жалындап жанумен (3.2 қараңыз) тұтану қадағаланса, сынақ жинағын сөндіріңіз және орналастыру мен сөндіру арасында өтетін уақытты көрсетумен бірге осы деректерді тіркеңіз.

Егер екі темекі де барлық ұзындығы бойынша бықсыса, бірақ келесі бықсумен немесе жалындап жанумен тұтану қадағаланбаса, осы мәліметтерді жазыңыз және соңғы сынақты өткізіңіз (9.3-ті қараңыз).

Егер темекінің бірі барлық ұзындығы бойынша бықсымаса, нәтижені жазыңыз және сынақтан зақымдалудың кез келген алдыңғы ізден кем дегенде 50 мм арақашықтықта, жаңа қалыпта орналасқан жаңа темекіні сынауды қайталаңыз. Сынақ жинағына үшінші темекіні орналастыруға арналған орындардың жетіспеуі жағдайында жаңа жинақты пайдаланған жөн.

Егер үшінші темекімен келесі бықсумен (3.1 a), b), c), d) қараңыз) немесе жалындап жанумен (3.2 қараңыз) тұтану қадағаланса, орналастыру және сөндіру арасында өткен уақытты көрсетумен бірге осы деректерді тіркеңіз. Мұндай жағдайда сынақты тоқтатыңыз және сынақ хаттамасын толтырыңыз (10 қараңыз).

Егер жоғарыда көрсетілген белгілер үшінші сынақ кезінде қадағаланбаса немесе темекі барлық ұзындығы бойынша бықсымаса, бұл мәндерді жазыңыз және соңғы сынақты орындаңыз (9.3 қараңыз).

### 9.3 Сынақ нәтижелерін бағалау

Тұтанудың бір көзі бойынша сынақтың әрқайсысы үшін миллиметрмен берілген материалдардың бұзылу өлшемдерін (ең жоғарғы ұзындық, ені және

тереңдігі) анықтайды. Сыналатын үлгінің қалыңдығынан өтетін бықсу процесін көзбен шолып айқындау мүмкін болмаған жағдайда жинақты сынау аяқталған соң оны бөлшектеңіз және келесі бықсуы бар тұтануға ішкі жағын тексеріңіз (3.1 е) қараңыз). Егер бұл болмаса, сынақ жинақты сөндіріңіз және сынақ хаттамасын толтырыңыз (10 қараңыз). Қауіпсіздік мақсатында, қараусыз құрылғыны қалдырар алдында бықсу болмайтындығына көз жеткізіңіз.

Егер ішкі жағынан бықсу табылса, онда мұны сынақ хаттамасына жазыңыз (10 қараңыз).

## 10 Сынақтар жөніндегі хаттама

В қосымшасына сәйкес сынақтар жөніндегі хаттама мынадай ақпаратты ұсынатын үлгі болып табылады:

a) осы стандартқа сілтеме;

b) сыналатын материалдардың сипаты;

c) жабынды сумен сіңіруді жүргізу;

d) әр сынақ барысында жалындап жану не бықсу туралы мәлімет;

e) үлгінің жалындап жануы не бықсуы туындағанға дейін тұтану көзін салу сәтінен уақытша интервал туралы мәлімет;

f) сынақ процесінде күшейетін жалынды сөндіру фактісі — жеке әр сынақ үшін;

Сынақ хаттамасы мынадай сөздерден тұруға тиіс «жоғарыда көрсетілген нәтижелер белгілі бір сынақ шарттары кезінде материалдардың үйлесіміне ғана жатады; олар пайдаланылатын материалдардың жалпы әлеуетті өрт қауіптілігін бағалау құралының қызметін атқармайды».

## А қосымшасы
*(ақпараттық)*

## Спецификацияларды жобалаушыларға және әзірлеушілерге арналған нұсқаулықтар

**А.1** Осы стандарт жұмсақ жиһазда пайдаланылатын жабын және тығыздағыштар сияқты материалдар үйлесімінің жанғыштығын бағалау үшін әдісті белгілейді. Осы материалдар жұмсақ отырғышта оларды мақсатты қолдану тұспалданатын тәсілмен бірге үйлеседі, ал тұтану көзі күнделікті қолданылатын көздерге сәйкес таңдалған.

Белгілі бір жабынның, толтырманың және ішкі қаптаманың әлеуетті тұтанғыштығы бағалануы мүмкін.

Дегенмен, екі маңызды шектеулер бар:

а) сынақ тек жану қауіптілігін бақылаудың қарастырылған құралдары мен тұтанғыштығына қатысты, өрттің өршу жылдамдығы, жылу өткізгіштігі, түтін жылдамдығы және мөлшері, сондай-ақ уытты газдардың бөлінуі сияқты жануына қосымша. Мүмкіндігінше тұтанғыштықты азайту әрекеті сипаттарға қолайсыз әсер етпеуге тиіс;

b) а)-да анықталған шектеулер жиһаз құрастырылымының сипаттары оның отқа төзімділік класына әсер етуі мүмкін нәтижесінде туындайды. Жиһаз бөлігінің тұтанғыштығына арналған кез келген сынақтар материал құрауышында немесе шаблонда емес, нақты бұйымға жүргізілуге тиіс. Құрастырылмға толықтай қатысты тұтанғыштығын шектеулер жөніндегі ақпарат А.2 және А.3-те келтірілген.

**А.2** Барлық декоративтік жиектер және басқа безендірулер сыналатын материалдан алынып тасталуға тиіс.

Егер жиһаз заттың қапталған арқалығы немесе қапталған шынтақ қойғышы болмаса, сыналған қондырғыдағы материал зат отырғыштың материалы сияқты материалдан тұратын қапталған арқалығы болатындай құрастырылады.

Егер жиһаз заттың қапталған арқалығы немесе қапталған шынтақ қойғышы болса, бірақ қапталған отырғышы болмаса, материал арқалықтың немесе шынтақ қойғыш материалынан тұратын қапталған отырғыштан тұрады. Егер отырғыш арқалықтың және шынтақ қойғыштың қапталған бөліктерімен контактіге түссе, бұл қолданылады. Егер жиһаз затының бөлігі (отырғыш, шынтақ қоятын және арқалық) сынақта жиһаз заты пайдаланылатыннан ерекшеленетін әртүрлі материалмен қапталған және жабылған болса, әр бөлік жиһаздың барлық заты осы материалмен қапталған және жабылғандай сыналуға тиіс. Бұл сыналған қапталған бөліктеріне жатпайды.

Егер құрастырылым бөлігі декоративтік жіктер мен тігісі болып табылса, кем дегенде бір жікті сынаққа қосу керек. Жік шамамен тік бұрышта

отырғыш пен арқалық арасындағы қима сызығын кесіп өтетіндей орналасады және жақын жиектен кем дегенде 20 мм-ге орналасқан. Темекі ол отырғыш пен арқалық арасындағы бұрышпен жік кесетіндей орналасады.

**А.**3 Осы стандарт материалдарға арналған зертханалық сынақтарды белгілейді. Сынақ белгі береді, бірақ дайын жиһаздың тұтануы жайына кепілдік бермеуі мүмкін. Нақты ақпарат талап етілген жерде, мысалы қайырмалы отырғыштар немесе соңғы пайдаланудың ауыспалы салалары туралы ақпарат, принциптер материалдар жинағына немесе алдын ала жиналған жиһазға немесе лайықты түрде өзгерген сынақ жинақтарға қолданылуы мүмкін. төменде келтірілген мысалдар. Мұндай жағдайларда 6.4-те келтірілген көз қолданылуы мүмкін және пайдалануда тұтану қауіптілігінің туындауына сәйкес келетін ережелерде қолданылады.

**Мысалдар**

1 Егер кресло отырғыш мен артқы жастық (арқалық) арасындағы кеңістікті құраса, сынақ аппаратурасына бұрышпен тұтану көзін орналастыруға болмайды. Оның орнына тік және көлденең беттерде көзді орналастыру тиімді.

2 Сынақ аппаратурасы кез келген тік және көлденең беттерінің қосылысын үлгілеу үшін пайдалануы мүмкін, себебі шынтақ қоятын және арқалық құрастырылымы, айырмашылықтар жағдайда отырғышпен бірге жеке сыналуы мүмкін.

3 Кресло арқалығында және отырғышында әртүрлі материалдарды пайдалану сынақты жүргізілуде болуы мүмкін: жабынның екі әртүрлі материалдары тігу арқылы немесе қысқыш артынан қаусырма арқылы бекітіледі.

**А.4** Тұтанудан қорғауға арналған жабын материалының бейімділігі белгілі тұтанғыштықты астармен үйлесімде сынақтың көмегімен көрсетуі мүмкін. ұқсас түрде толтыру ролі қарастырылған әртүрлі тәртіп типтерімен бірге пайдалана отырып орнатылуы мүмкін. Жеке материалдар туралы осы ақпарат нақты үйлесімдегі сынақ қажеттілігін шығарып тастамайды, бірақ ол материалдар үйлесімдерін іріктеуде көмектесуі мүмкін, сондай-ақ қажетті сынақтардың жалпы санын қысқартуы мүмкін.

**В қосымшасы**
*(ақпараттық)*
**Сынаққа арналған хаттама нысанының үлгісі**

Беру органы_____ Сынақ №_____
Үлгі_____ Күні_____ Ұйым_____

**Осы стандартқа сәйкес сынақтар жөніндегі хаттама (құпия)**
**Тұтанғыштығын бағалау: тұтану көзі: бықсыған темекі**

Сыналатын материалдар:_____
Жабынды сумен сіңіру процедурасы:_____
____ байланысты жүргізілген/жүргізілмеген
Сынақ нәтижелері (тұтанудың болмауы, бықсу арқылы тұтану, жалындап жану):_____

| | Темекі | | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3[1] | |
| Бықсу критерийі_____<br>Қауіпсіз өсетін жану (3.1 а қараңыз)<br>Пайдаланылған сынақ жинағы (3.1 b қараңыз)<br>Шеткі аймақтары бойынша бықсу (3.1 с қараңыз)<br>Қалыңдығы бойынша бықсу (3.1 с қараңыз)<br>1 сағаттан артық созылатын бықсу (3.1 d қараңыз)<br>Соңғы сынақта үдемелі бықсудың болуы (3.1 е қараңыз) | * | * | * | |
| Тұтану критерийі<br>Жалынның туындауы (3.2 қараңыз) | | | | |
| | [1] Егер қолданылса, 3 темекі үшін нәтижені жазыңыз.<br>*Егер критерий асса, «ИӘ» деп көрсетіңіз, немесе егер критерий аспаса, «ЖОҚ» деп көрсетіңіз | | | |

Қолы:

(Кез келген төтенше жағдайлар келесі бетте көрсетілуге тиіс)

Жоғарыда көрсетілген сынақ нәтижелері сынақтың нақты жағдайларда материалдардың үйлесімінің тұтанғыштығына ғана жатады; олар пайдаланылатын материалдардың әлеуетті өрт қауіптілігін бағалау құралдары ретінде арналмаған.

## С қосымшасы
*(ақпараттық)*

## Қондырғыны тазарту

Сынақ жинақтарында тазартуды қамтамасыз ету үшін тазалықта қондырғыны ұстау маңызды. Әсіресе қысқыш таза болуы маңызды. Тазартуды орындауға мүмкіндік беретін алмалы-салмалы қысқышты пайдалану жолымен тазалықты қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ сіргелермен ұсталатын қысқыш қолайлы.

Сынақ қондырғысын тазарту еріткіштердің көмегімен немесе қондырғыдан қалдықтарды өртеу жолымен жүргізуге болады. Қондырғы қалдықтарды өртеу кезінде деформацияланбайтынына көңіл аударған жөн. Көбінесе жеңіл тұтанатын және/немесе уытты еріткіштерді пайдалану кезінде қауіпсіздік тәртібін сақтаған жөн.

## D қосымшасы
*(міндетті)*

## Суды сіңіру процедурасы

### D.1 Реагенттер

#### D.1.1 Су

8 °Ж -дан 10 °Ж (80 мг/л CaO-дан 100 мг/л CaO дейін) дейін қаттылық дәрежесі бар суды беру.

Егер су 10 °Ж қатты болса, қаттылықтың тиісті дәрежесіне жеткенге дейін минералсызданған суды қосқан жөн. , следует добавить деминерализованную воду до достижения соответствующей степени жесткости. D (>10 °Ж) қаттылық дәрежесі бар 1 л суға қосуға тиісті минералсызданған су мөлшері

$$(D-9)/9л$$

**Мысалдар**

1) 13,4 °Ж қаттылық дәрежесі бар 5 л суға 9 °Ж қаттылық дәрежесі бар 7,44 л суды алу үшін 5 × (13,4 - 9)/9 = 2,44 л минералсызданған суды қосқан жөн.

Егер су 8 °Ж жұмсақ болса, қаттылығын көбейту үшін тұзды қосқан жөн. екі ерітіндісін дайындау қажет:

*I ерітінді:*

1 л минералсызданған немесе дистилденген суға 3,91 г кальций хлоридін ($CaCl_2 \cdot 6H_2O$) ерітіңіз.

*II ерітінді:*

1 л минералсызданған немесе дистилденген суға 3,00 г натрий бикарбонатты ($NaHCO_3$) ерітіңіз. D(<8 °Ж) қаттылық дәрежесі бар 1 л суға екі ерітінді мөлшерін қосу қажет,

$$12,2(9-D)мл$$

2) 7,0 °Ж қаттылық дәрежесі бар 10 суға, 10 × 12,2 (9-7) = 244 мл *I ерітіндісін* және 10,488 л воды со степенью жесткости 9 °Ж қаттылық дәрежесі бар 10,488 л суды алу үшін *II ерітіндісінің* тең көлемін қосыңыз.

#### D.1.2 Сулайтын реагент

Кез келген ионогенді емес сулайтын реагент.

Ескертпе – Реагенттің дәл типі міндетті емес.

## D.2 Құрылғы

Сыналатын үлгілерді толық батыруды қамтамасыз ету үшін, жеткілікті өлшемдегі, жазық түпті табақ қажет.

## D.3 Үлгілер

8.2-де сипатталған өлшемдері бар сыналатын үлгілерді жүйелі дайындауды қамтамасыз ету үшін, жабынға арналған тиісті материалды пайдаланыңыз.

Ескертпе – Жазық түпті ванна өлшемдеріне байланысты (D.2 қараңыз), үлгілерді бұрғызу талап етілуі мүмкін.

## D.4 Процедура

1:20 ерітінді арақатынасын (үлгі салмағы: су салмағы) пайдалана отырып, (40 ± 1) °С бастапқы температурасы кезінде жазық түпті табақта (D.2 қараңыз) 0,5 г/л ионогенді емес сулайтын реагентті (D.1.2 қараңыз) құрайтын суға әр үлгіні толықтай батырыңыз (D.1.1 қараңыз). Үлгі толықтай батырылғандай қалатынына көз жеткізіңіз.

30 минуттан соң үлгіні алып тастайды, 2 мин бойы 1:20 табақ коэффициентіне сәйкес суда жуады (D.1.1 қараңыз) және содан кейін басқа үлгілермен, материалдармен немесе беттермен ол жанасатындай кесінділеріне жақын қысқа шеттен тік іле отырып кептіріңіз.

Кептіргеннен кейін ол 23 °С/50 % температурасы және салыстырмалы ылғалдығы кезінде кемінде 24 сағат бойы ұсталуға тиіс. Егер үлгі батыру кезінде бұралса, жуар алдында оны бастапқы қалыпқа қайтарған жөн.

Кептіру уақыты әртүрді жабынға байланысты өзгереді, бірақ барлық маталар үшін бөлме температурасында 48 сағатқа тең уақыт қолайлы.

**ӘОЖ 67.004.2** **МСЖ 97.140, 13.220.40**

**Түйін сөздер:** Тұтану, бұйым, жиһаз, жанғыштық, бықсу, жалын, қаптама, сорып шығатын шкаф, үдемелі бықсу.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Мебель**

**Оценка воспламеняемости мягкой мебели**

**Часть 1**

# ИСТОЧНИК ВОЗГОРАНИЯ ТЛЕЮЩАЯ СИГАРЕТА

**СТ РК EN 1021-1-2015**

*(EN 1021-1:2014 Furniture. Assessment of the ignitability of upholstered furniture. Ignition source smouldering cigarette, IDT)*

*Настоящий национальный стандарт является идентичным осуществлением европейского стандарта EN 1021-1:2014 и принят с разрешения CEN, по адресу: B - 1000 Брюссель, пр. Марникс 17*

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии**
**Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан**
**(Госстандарт)**

**Астана**

## Предисловие

**1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН** Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №236-од от «24» ноября 2015г.

**3** Настоящий стандарт идентичный европейскому стандарту EN 1021-1:2014 «Furniture. Assessment of the ignitability of upholstered furniture. Ignition source smouldering cigarette» («Мебель. Оценка воспламеняемости мягкой мебели. Часть 1. Источник возгорания. Тлеющая сигарета»)

Европейский стандарт был подготовлен Техническим Комитетом CEN/TC 207 «Мебель», секретариат которого принадлежит DIN (Немецкий институт стандартов)

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры европейского стандарта, на основе которых подготовлен настоящий национальный стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов

Официальной версией является текст на государственном и русском языке

Степень соответствия – идентичная (IDT).

**4** В настоящем стандарте реализованы нормы: Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 09.11.2004 г. № 603-II, Закона Республики Казахстан «Об обеспечении единства измерений» от 7 июня 2000 года № 53-II, Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-I.

**5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ** **2020 год**
**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ** **5 лет**

**6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ**

